

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ДЖ. Дьюи «Школа и общество. Педагогическая логика», 2003
2. «Қазақстан мектебі» журналы, 2007
3. С.Г. Щербакова «Формирование проектных умений школьников: практические занятия», 2009

ӘОЖ 372.882

МЫСАЛ ЖАНРЫН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Макатова А.А., 4-курс, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогикалық институт, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Бекбосынова А.Х., тілдер және әдебиет теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, педагогикалық институты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Мақалада қазіргі білім беру мазмұнындағы жаңаша технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мысал жанрын оқыту әдістемесі сөз етіледі. Мысалды көркем шығарма ретінде талдау жолдары баяндалады. Талдау барысында А.Байтұрсынұлының «Қырық мысал» жинағындағы мысалдар пайдаланылды. Мақалада, мысалды тереңірек оқытудың оқушыға тигізер пайдасы мен маңызына мән беріліп, қарастырылды.

Білім беру мазмұнына зер салсақ, күн сайын жаңа толықтырулар мен жаңа өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне де өз ықпалын әкелуде. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі жаңа технологиялар мен жаңа оқыту әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда қазақ әдебиетін оқытудағы басты міндеттердің бірі – адамды зерттеу, адамды тану, адамды ізгілендіруге бағыттау. Бұл міндеттерді іске асыру үшін заманауи оқыту технологиялары бізге көмекке келеді.

Біздің ойымызша, мысал жанрын басқа әдеби жанрларға қарағанда мән беріп оқыту маңыздырақ. Себебі, мысал жанрын оқыту – оқушы бойында ізгі қасиеттерді қалыптастыруға, жақсылық пен жамандықтың ара-жігін ажыратуда үлкен септігін тигізеді. Жоғарыда атап өткендей, адамды тану мен ізгілендіру міндеттерін мысал жанры арқылы оңайырақ жүзеге асыра аламыз. Әуелі, мысал жанрында міндетті түрде тәлім мен ғибрат белгілері жинақталған. Осының өзі мысалдың оқырманға берері молдығын көрсетеді. Бұл басқа жанрларда бірде болса, бірде болмайтын белгі. Ал мысал жанрында ол міндетті түрде кездеседі. Аталған белгі оқушылардың ойлау процесіне әсер етіп, анализ бен саралай алу қабілеттерін жақсырақ қалыптастырады. Екіншіден, мысал жанры арқылы оқушы қоғамда орын алатын түрлі жағдаяттармен танысады, оларды оқып өскен оқушы жамандықтан жиреніп, жақсылыққа ұмтылуға тәрбиеленеді. Үшіншіден, мысалдағы ұнамсыз кейіпкерлер өздерінің жасаған іс-әрекеттеріне өкініп, одан сабақ алуы ашық көрсетіледі. Ғибратты ашық көрсету, өз тарапынан оқушыға пайдалы болмақ. Дәл осы белгі оқушыға көмекші құрал болатындығы. Осы себептен де, мысалды өзге жанрларға қарағанда оқыту әлдеқайда тиімдірек. Біздің байқағанымыздай, мысал – тәрбие құралы.

Мысалды СТО-технологияларын қолдану арқылы оқыту тиімді болмақ. Өйткені, бұл оқыту технологиясы оқу мен жазу дағдыларын оқушының өз ойы, жеке ойлау процесі негізінде оқытуды көздейді. Сондықтан, сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегияларын ұтымды, әрі орынды пайдалануға болады. Мысал ретінде, «миға шабуыл», «серпілген

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

сауал», «сұраққа жетіп ал» әдістерін қолдануға болады. Негізгі мән беретін дүние – оқушыларды ойландыратын, іздендіретін сұрақтар болуы. Сұрақ тапсырмаларын әзірлеуде жеңіл-желпі емес, күрделірек жасау керек. Бұл өз кезегінде шығарманың ішкі құрылымын тереңірек қабылдауға әсер етеді. Бұдан бөлек, түсініксіз сөздерді талдауда «семантикалық карта», «Т-кестесі», «қос жазба күнделігі» сынды әдістерді де қолданған тиімді.

Әдіскер-ғалым Т.Алшолақов «Көркем шығармаға талдау жасау» атты еңбегінде: «Әдеби талдау – тұтас талдау болу керек. Әдеби талдау кезінде көркем мәтінді кез келген бөлшектерге бөліп, жіктеуге болады» [1,20] дейді. Демек, біз, шығарманы түрлі бөлшектерге бөлу арқылы, әртүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып, талдау жасай аламыз. Осылайша, автордың көздеген ой-мақсатын, дүниетанымын білуге талпыныс жасаймыз. Әдеби талдау бізге кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты, тілдік бірліктер мен шығарма мазмұнын ашуға жәрдемдеседі. Сөйтіп, көркем шығарма мәтініне талдау жасалынады. Осы еңбекте мектеп қабырғасында кең тараған талдау – сатылай кешенді талдау технологиясы жайында тоқталып өтеді. Бұл талдауды жасамас бұрын, З.Қабдоловтың қалдырып кеткен бес түрлі сұрағына жауап берілу қажет дейді.

- 1) Қандай оқиға болды?
- 2) Қалайша болды?
- 3) Кімдердің басында болды?
- 4) Болған оқиға қалай баяндалған?
- 5) Ол оқиғаға автордың көзқарасы қандай?

Осы сұрақтарға жауап беру арқылы біріншіден, шығарманың тақырыбы мен идеясын сөз етеді; - екінші сұраққа жауап беру арқылы шығарманың сюжеті мен композициясын сөз етеді; - үшінші сұраққа жауап беру арқылы шығармадағы тип пен характер жайын сөз етеді; - төртінші сұраққа жауап беру арқылы шығарманың тілі мен суреткердің стилін сөз етеді; - бесінші сұраққа жауап беру арқылы суреткердің дүниетанымы мен көркемдік әдіс мәселесін сөз етеді [2,85]. Демек, сатылай кешенді талдау жасау кезінде осы сұрақтарға жауап беру арқылы, оқушы бойында білімділік қасиетін тереңдете аламыз, әдебиет теориясына қатысты мәліметтерді қамтимыз. Бұны құр теориялық деңгейде қарастырмай, «Қырық мысал» жинағының «Түлкі мен қарашекпен» мысалын талдай отырып, практикалық жағынан толықтырсақ.

Қандай оқиға болды? деген сұраққа жауап берсек. «Түлкі мен қарашекпен» мысал өлеңінде қоғамдық-әлеуметтік мәселелер қамтылған. Оның ішінде «ұрлық», «кедейлік», «арам жолға түсу», «жалқаулық» мәселелері. Осы қасиеттерден аулақ болу, жақсылыққа ұмтылу, ниеті мен ары таза адамдар еш уақытта ұрлық жасамайды, қаншалықты қиын кезең болмасын, оның шешімін адал жолмен табуға тырысу. Екінші, қалайша болды? деген сауалға жауапты кесте түрінде ұсынсақ.

Шығарманың басталуы	Шығарманың байланысы	Шығарманың шарықтау шегі (дамуы)	Шығарманың шиеленісуі	Шығарманың шешімі
Қарашекпеннің түлкіге тамақ беру үшін іздеуі, оған өз көмегін ұсынуы.	Түлкінің жоқшылықтың кесірінен ұрлық жасауы.	Қарашекпеннің түлкіні өз үйіне алуы, жұмыс беруі.	Түлкінің семіріп, жағдайының жақсаруы, қарашекпенді ұйықтатқызуы.	Түлкінің қарашекпенді алдап, барлық тауықтарын ұрлап кетуі.

Келесі, кімдердің басында болды? Қарашекпен мен түлкі арасында болған оқиға. Қарашекпеннің сөздері арқылы оның образын көре аламыз. Қарашекпен әр қиындықтың шешімі

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

болатындығын көрсетеді. Қарашекпен барлығын дұрыс жолға салуға әлі кеш еместігін, шын ниетпен жұмыс жасап, адал кәсіп пен адал тамақты табар жолды түлкіге ұсынады. Оның іс-әрекеттері еңбекқорлық пен адалдық қасиеттерін жоғары қоятындығын көрсетеді. Ал түлкі образы қулық, залымдық бейнесінде берілген. Түлкінің қарашекпен үйіне кіріп алып, тауықтарды жеп қою қимылы соның дәлелі. Басқа амал жоқтықтан тауықтарды ұрлау іс-әрекеті – өтірік, көзбояушылық екендігін көреміз. Төртінші, болған оқиға қалай баяндалған? деген сұраққа жауап берсек. Оқиға түлкі мен қарашекпен арасындағы әңгіме диалог түрінде өрбиді. Автор диалогпен қатар түлкіге жан бітіріп, адамға ғана тән ойлау, сөйлеу және шешім қабылдау сынды қасиеттерді бойына береді. Бұл көркемдік тәсіл әдебиетте – аллегория (кейіптеу) деп аталады. Бұл мысалдағы аллегориялық бейне – түлкі. Баяндау тәсілі диалогқа құрылғандықтан, шығарма тілі қабылдауға жеңіл, қарапайым формада жазылған. Автор риторикалық сұрақты ұтымды пайдаланған. Мысалы:

«Бірде алдап, бірде ұрлап шеккен ғұмыр
Жақсы-ақ деп жүргенім жоқ көңілім тынып.
Қайтерсің, жокшылықтың жолы қиын,
Әйтпесе жын ұрып па ұрлық қылып?! [3,58].

Бұл өлең жолдары арқылы ұрлық секілді іс-әрекеттердің дұрыс еместігін көреміз. Мысал өлеңінің алғашқы тармағында жақсы өмірдің қатарына – біреуді алдау, ұрлаусекілді қасиеттер жатпайтындығы сөз етілген. Автор екінші тармақта «жын ұрып па ұрлық қылып?!» риторикалық сұрақты қолдану арқылы ұрлықтың дұрыс еместігін одан сайын дәлелдейді, екіұштылық тудырмай, нақтылай түседі. Оқырманға ойды әсерлі жеткізу үшін, өзінен-өзі айқын нәрсені ашық жеткізу мақсатында риторикалық сұрақты пайдаланған.

Келесі өлең жолдарында «адал кәсіп»эпитетін қолданады. Кәсіптің де адал не адал емес түрлері болатындығын сипаттайды. Адал емес түрі деп – ұрлық, алдау, өтірік айту сынды қасиеттермен жүзеге асқан кәсіпті айтамыз.

Күнәдан, әлі де болса, құтқарайын,
Тәубаға қайтсаң, жаным, шын ниетпен.
Берейін *адал кәсіп* саған тауып,
Жүрмейді қайда адам дәм-тұз ауып? [3,58].

Сонымен қатар, автор түлкі образын жасауда әртүрлі теңеулерді пайдаланады. Соның бірі «тырнағындай» теңеуі, түлкінің бойынан тырнақ секілді кішкентай ғана жақсылық болуы керек деген үміт. Түлкінің семіздігін «тұлыптай боп» теңеуі арқылы сипаттайды.

Соңғы бесінші сұрақ автордың дүниетанымы мен қолданған көркемдік әдісі жайлы. Яғни, оқиғаға автордың көзқарасы қандай? деген сұраққа жауап берсек. Ахмет Байтұрсынұлы «Түлкі мен қарашекпен» мысал өлеңі арқылы өмірде орын алып жатқан қоғамдық мәселелерді шыншылдықпен суреттейді. Аллегориялық бейнелер арқылы, адамдардың жаман мінез-құлықтарын әшкерелеп, жақсылыққа ұмтылуды көздейді.

Міне, осылайша мысалдың композициялық құрылысына талдау жасадық. Одан бөлек, автордың өзіндік қолтаңбасын танытатын стилі, дүниетанымы мен көзқарасын танып білу маңызды. Сондықтан да, кез-келген шығарманы өту барысында, автордың өмірінен мағлұматтар берілуі керек. Бұл өз кезегінде жазушының өмір сүрген заманынан, қоғамдық көзқарасынан хабардар береді. Автордың өмірбаяны жайлы ақпараттар берілген соң, жазушының өзіндік ерекшелігін, стилін түсіну оңайырақ болады. Көркем шығарманы талдау үстінде қаламгердің тіл шеберлігі де ашылады. Мәтін тілін шартты түрде екіге бөлеміз: жазушы тілі және кейіпкер тілі. Бейнелі көркем сөз оқушылардың тіл байлығын еселеп, сөздің мәнін ұғуға, эстетикалық талғамын оятуға әсер етеді.

Қарастыратын тағы бір маңызды талдаудың бірі – образ бойынша талдау. Біз шығарма мазмұнын, сюжетін меңгеріп болған соң, шығармадағы кейіпкерлер жүйесіне талдауға көше

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

аламыз. Әдіскер-ғалым Т.Алшолақов көркем шығармаға талдау жасаудың төрт түрлі әдісін көрсетеді. Олар: образ бойынша талдау, проблемалы талдау, тұтас талдау, тақырыптық талдау [1, 20]. Оқушылар кейіпкерлер бейнесі арқылы, адамтануға үйренеді. Ұнамды кейіпкерлерден жақсы қасиеттерді, ұнамсыз кейіпкерлердің бейнесінен сабақ алуға талпынады. Демек, кейіпкерлердің жақсы не жаман қасиеттері бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу кезінде, түрлі іс-әрекеттермен, оқиғалар негізінде толыққанды ашылады. Осы себептен де, образдарды талдау тұтастықты қажет етеді. Әуелі, оқушыға образ, характер, мінез жайлы қарапайым мәліметтерді ұсыну керек. Адамның мінез-құлқы, образы оның сөйлеген сөзінен, жасаған іс-әрекеттерінен, мәдениетінен көрініс табатындығын түсіндіру керек. Образдарды ажырата біліп, тек жақсы, жаман ұғымдарымен шектеліп қалмай, образдың басқа түрлерін де танып білуге үйрету қажет. Әдебиетте көркем образ, қаһармандық образ, мәңгілік образ, реалистік образ т.с.с болып жіктеледі. Мектеп бағдарламасына сүйенер болсақ, 5-6 сынып оқушылары үшін бұл талдау міндетті болып табылады. Демек, мысал жанрында кездесетін образдарды талдап, қарастыру міндетті. Мысал жанрында көбінесе көркем бейнені – аллегорияарқылы жасау шарты бар. Оқушыларға образдың жасалу тәсілін талдау мақсатында кейіпкерлерді бөліп беріп, олардың мінез ерекшелігін жинақтау мен даралау арқылы ұсынса болады.

Бұл тапсырмаларды орындату – оқушының образдық талдаудың қыр-сырымен таныстырады, кейіпкердің мінез ерекшелігіне мән беріп, бағалау қасиетін меңгертеді. Сонымен қатар, 2017 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» ғылыми-әдістемелік журнал №4 санында оқушыларға образдар жүйесін талдату барысында шығармашылық тапсырмаларға көбірек назар аудару керек делінген. Мысалы, ертегі кейіпкерлерінің суретін салу, көмекшілеріне сипаттама беру [4,50]. Яғни, оқушы мысал жанрын оқу кезінде кейіпкерлермен бірге қуанса, қайғырса, ренжіп-ашуланған кезінде оқушы одан жақсырақ әсер алады, осы сәтте жамандық пен жақсылықтың ара-жігін жақсырақ түсінеді, жақсылыққа ұмтылып, жамандықтан жиренеді.

Демек, бұл шығармашылық тапсырмалар оқушы бойында сараптау және зейінін шоғырландыра отырып, қызығушылығын оятуға септігін тигізбек. Т.Алшолақов оқушылардың образдар әлеміне кіріп, шығарманың қыр-сырына бойлай алуы үшін – көркем шығарманың эстетикалық табиғатын танытуы, шығарма ішіне сүңги, тереңдей оқи білу қажет [5,36] деп көрсетеді. Мысал жанрындағы кейіпкерлердің мінезі, қимыл-әрекеттері арқылы характерлері ашылады. Оқушы сол характерге қарап кейіпкерді бағалайды. Образдардың дамуы сюжет өрбуінен орын алады. Яғни, оқиға желісіндегі кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасқа түсулері, сондағы олардың іс-әрекетіне, ой-сезіміне қарап, біз кейіпкерлердің адамдық сапаларын анықтаймыз.

Қорыта келе, мысал жанрын оқытуда СТО-технологияларын, сатылай кешенді талдау технологиясын, проблемалық оқыту технологиялары мен әдіс-тәсілдерін оқыту тиімді. Басты ескеретін дүние, барлық әдістер мен технологияларды аралас, ұтымды әрі дұрыс қолдана білу маңызды. Бұл оқыту барысындағы бір сарындылықтың алдын алады, сондай-ақ шығарманың идеялық-эстетикалық мазмұнын тереңдетуге көмектеседі, себебі мысал – тәрбие құралы, болашағы зор, пайдасы мол жанр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Т.Алшолақов «Көркем шығармаға талдау жасау» / А., 1983
2. З.Қабдолов «Сөз өнері» / А., 1992
3. А.Байтұрсынов «Қырық мысал: Өлеңдер» / А., 2004
4. «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» ғылыми-әдістемелік журнал, №4, 2017
5. Т.Алшолақов «Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту» / А., 1975